

«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш сыныптардың 2023-2024 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарына

түсінік хат

Мектепте жұмыс жоспарлары Үлгілік оқу жоспарына және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

2023-2024 оқу жылында бастауыш сыныптарда білім беру процесі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) стандартын және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 1-қосымшасы бойынша үлгілік оқу жоспарымен ұйымдастырылды. Мектепте білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылады. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасын, 2-4- сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды. Инварианттық оқу жүктемесінің көлемі келесідей: 1-сыныпта 18,5 сағат, 2-сыныпта 22 сағат, 3-сыныпта 25 сағат, 4-сыныпта 25 сағат.

1-2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 3-4-сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады, 1-сыныпта «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады. Биылғы оқу жылынан бастап 2-сыныпта «Орыс тілі» пәнін оқыту басталды. Сынып толымдылығына байланысты топқа бөліп оқыту ұйымдастырылған жоқ.

Вариативтік оқу жүктемесі бойынша 1-сыныптарда 1 сағат «Математикалық сауаттылық», 2-сыныптарда 2 сағат «Математикалық сауаттылық», «Жұмбақтар сандығы», 3-сыныптарда 1 сағат «Математикалық сауаттылық», «Шахмат», 4-сыныптарда 1 сағат «Математикалық сауаттылық» тақырыбында әр сыныптағы топтық сабақтар ұйымдастырылады.

1-4-сыныптарда оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі : 1-сыныпта 19,5 сағат, 2-сыныпта 24 сағат, 3-сыныпта 26 сағат, 4-сыныпта 26 сағат.

«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 5-9 сыныптардың 2023-2024 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарына
түсінік хат

Мектепте жұмыс жоспарлары Үлгілік оқу жоспарына және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

2023-2024 оқу жылында 5-9 сыныптарда білім беру процесі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) стандартын және «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы) ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6-қосымшасы бойынша ұйымдастырылды. Мектепте білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылады. Оқу жылының ұзақтығы 5-9 - сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Инварианттық оқу жүктемесінің көлемі : 5-сыныпта 28 сағат, 6-сыныпта 28 сағат, 7-сыныпта 31 сағат, 8-сыныпта 32 сағат, 9-сыныпта 33 сағат. 5-9- сыныптарда көркем еңбек пәні топқа бөлініп оқытылады.

Вариативтік компонент сағаттарының есебінен 5-9 сыныптарда «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы өткізіледі. Аталған курс білім алушылардың ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыруын мақсат етеді. «Жаһандық құзыреттіліктер» (аптасына 1 сағат) курсына: 5-сыныпта «Парасаттылық және әдеп», 6-сыныпта «Экология», 7-сыныпта «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау», 8-сыныпта «Медиасауаттылық», 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы өтеді.

«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 10-11 сыныптардың 2023-2024 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарына
түсінік хат

Мектепте жұмыс жоспарлары Үлгілік оқу жоспарына және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

2023-2024 оқу жылында жоғарға сыныптарда білім беру процесі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) стандартын және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 12-қосымшасы бойынша үлгілік оқу жоспарымен ұйымдастырылды. Мектепте білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылады. Оқу жылының ұзақтығы 10-11 - сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспарына сәйкес: 10,11-сыныптарда «Алгебра және анализ бастамалары», шетел тілі пәндерінің оқу жүктемесі 1 сағатқа көбейді; – таңдау пәндері (стандарттық деңгей): «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндерінен 10-11-сыныптарда 2 пән 1 сағаттан оқытылады.

Инварианттық оқу жүктемесінің көлемі : 10-сыныпта 28 сағат, 11-сыныпта 28 сағат. Таңдау бойынша пәндер білім алушылардың өтініші бойынша физика және биология пәндері. Инварианттық компоненттен таңдау пәндеріне 3 сағаттан берілді. 10-сыныпта физика, химия, география пәндері , 11-сыныпта алгебра, физика, химия пәндері таңдалды. Вариативтік компонент сағаттарының есебінен білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруын мақсат ететін «Жаһандық құзыреттіліктер» аптасына 1 сағат , спорттық ойындар 1сағат, элективті курс «Ақпараттық жүйе және IT» 1 сағаттан берілді.